

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Мектепке дейінгі педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ұстамдылық

- A) өмір жолында кездесетін екіталай кездерде белді бекем буып, қайыспай, кідірмей амал етуге ұмтылу
- B) адамның небір қиын-қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы
- C) адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, босқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті
- D) адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті
- E) алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда артық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет

2. Тәртіптілік

- A) өмір жолында кездесетін екіталай кездерде белді бекем буып, қайыспай, кідірмей амал етуге ұмтылу
- B) адамның небір қиын-қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы
- C) адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті
- D) адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, босқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті
- E) алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда артық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет

3. Психологияда ойланып істелетін, алға мақсат қоюды қажет ететін, түрлі кедергілерді жеңе білуден көрінетін қимыл-қозғалыстар

- A) түйсік
- B) қабілет
- C) қиял
- D) ерік
- E) сөйлеу

4. Мінездің бұл түрінде адам бойындағы күш-қуатын, білімі мен тәжірибесін халық мүддесіне, оның игілігіне, кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы
- A) отансүйгіштік
 - B) борыш пен жауапкершілік
 - C) мақсаткерлік
 - D) достық
 - E) адалдық пен шыншылдық
5. Мінездің бұл түрінде адам өзін әлпештеп, адам етіп өсіргендердің алдындағы жауапкершілігін бар санасымен терең аңғара алып, түсіну, бұл парызымен қарызын қалай ақтау жолын ойластыру
- A) борыш пен жауапкершілік
 - B) отансүйгіштік
 - C) достық
 - D) адалдық пен шыншылдық
 - E) мақсаткерлік
6. Адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, адамды әр қырынан көрсететін қасиет
- A) мінез
 - B) иллюзия
 - C) эмоция
 - D) стресс
 - E) аффект
7. Олар кез-келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай, баппен жүріп-тұрады, сезімдері сыртқа шықпайды
- A) холерик
 - B) ерік-жігер
 - C) сангвиник
 - D) меланхолик
 - E) флегматик
8. Ұстамсыз, күйіп-пісуге ылғи да дайын тұратын күйгелек адамдар. Істі бұрқыратып істегенмен, олардың кейде қолын бір сілтеп сылқ түсетін кездері де болады.
- A) меланхолик
 - B) сангвиник
 - C) ерік-жігер
 - D) флегматик
 - E) холерик

9. Организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тұрақ қасиеттерімен шарттас психикалық қасиет
- A) қабілет
 - B) ерік
 - C) темперамент
 - D) сөйлеу
 - E) қиял
10. Адамның тану процестерімен, ақыл-ой әрекетімен тығыз байланысып жатқан сезім
- A) құмарлық
 - B) интеллектуалдық сезім
 - C) адамгершілік сезім
 - D) көңіл
 - E) эстетикалық сезім
11. Адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі
- A) эстетикалық сезім
 - B) адамгершілік сезім
 - C) құмарлық
 - D) интеллектуалдық сезім
 - E) көңіл
12. Қоғамдық өмірдің талабына сәйкес адам мінез-құлқынан жиі көрінетін сезімдердің бірі
- A) құмарлық
 - B) эстетикалық сезім
 - C) көңіл
 - D) адамгершілік сезім
 - E) интеллектуалдық сезім
13. Сезімдер мен эмоциялардың баяу, солғын түрі
- A) стресс
 - B) астеникалық
 - C) стеникалық
 - D) фантазия
 - E) аффект

14. Адамға күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер мен эмоциялар
- A) аффект
 - B) астеникалық
 - C) фантазия
 - D) стресс
 - E) стеникалық
15. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық күйдің түрі
- A) нақтылау
 - B) жалпылау
 - C) анализ
 - D) сезім
 - E) синтез
16. Актив қиялдың ерекше бір түрі
- A) сезім
 - B) қабілет
 - C) эмоция
 - D) ерік
 - E) арман
17. Қиялдың бүтіндей пассивтік түрінің шегі
- A) иллюзия
 - B) галлюцинация
 - C) синтез
 - D) түс көру
 - E) анализ
18. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс
- A) зейін
 - B) түйсік
 - C) ес
 - D) қабылдау
 - E) қиял

19. Зейіннің тұрақтылығы

- A) адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігі
- B) бір уақыттың ішінде оның қамтитын объектілерінің саны
- C) белгілі бір объектіге саналы түрде зейінді ұйымдастыра алмаушылық
- D) адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алуы
- E) бір объектіден екінші объектіге назарды көшіру

20. Адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігі

- A) зейіннің тұрақтылығы
- B) зейіннің бөлінушілігі
- C) зейіннің аударылуы
- D) зейіннің жинақтылығы
- E) зейіннің толқуы

Мектепке дейінгі педагогика және психология негіздері

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

2-БЛОК: Арнайы пән
Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жеке тұлғаны отбасында тәрбиелеудегі адамгершілік –имандылық, азаматтық, моральдық құндылықтар:
 - A) өсек, өтірік, мақтаншақ
 - B) сүйіспеншілік, сыйластық, құрмет
 - C) салғырттық, еріншектік, жалқаулық
 - D) немқұрайдылық, іш пысарлық
 - E) өзін-өзі тану, өз еркіндігі

2. Экология мәселелері бойынша қамтитыны:
 - A) құқық, адамгершілік, ізгілік мәселесі
 - B) тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәселесі
 - C) салауатты өмір салтына қатысты дене тәрбиесі мәселесі
 - D) биосфера, энергия, азық-түлік мәселесі
 - E) кітаптар, қарындаштар, дәптерлер

3. Тәрбиенің мақсаты:
 - A) жалпы адамзаттық құндылықтар, моральдық нормалар
 - B) белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің санадағы көрінісі
 - C) тұлғаның үздіксіз дамуындағы өзгергіштік
 - D) белгілі бір әрекеттің түпкі нәтижесін түсіну
 - E) оқушыларға қатысты ақыл-ой еңбегіне қажетті қасиеттерді қалыптастырады

4. Алғаш тәрбие мәселесімен айналысушы адамдар:
 - A) билер, төрелер, сал, серілер, хандар
 - B) ағартушылар, педагогтар, оқытушылар
 - C) мұғалімдер, сынып жетекшілері, жазушылар
 - D) күтушілер, үй қызметшілері, гувернанткалар
 - E) ата-аналар, ата-әжелер, үлкен ағалар

5. Тәрбие жоспарын құру мерзімі:
 - A) екі жылға, бес жылға, он күнге
 - B) бір күнге, бір айға, екі тоқсанға
 - C) тоқсанға, жарты жылға, бір жылға
 - D) бір аптаға, бір айға, әр айға
 - E) екі күнге, үш тоқсанға, бір айға

6. «Тәрбие мақсаты – адамның ақылын, еркін және сезімін тәрбиелеу» - деп анықтаған философ:
- A) Бэкон
 - B) Платон
 - C) Демокрит
 - D) Сократ
 - E) Аристотель
7. Ұжымда тәрбиелеу теориясын жасаған педагог-ғалым:
- A) В.А.Сухомлинский
 - B) Я.А.Коменский
 - C) К.Д.Ушинский
 - D) А.С.Макаренко
 - E) С.Т.Шацкий
8. Патшалық Ресейде арнайы тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар пайда болды:
- A) XIV ғасырдың 90 жылдарында
 - B) XVI ғасырдың 60 жылдарында
 - C) XIX ғасырдың 70 жылдарында
 - D) XVII ғасырдың 80 жылдарында
 - E) XV ғасырдың 30-40 жылдарында
9. Сынып жетекшісінің шығармашылық лабораториясы:
- A) сабақ жоспары
 - B) күнтізбелік жоспар
 - C) айлық жоспар
 - D) тәрбие жоспары
 - E) жылдық жоспар
10. Тәрбие жұмысының түрі:
- A) жарыс
 - B) үйрету
 - C) сендіру
 - D) байқау
 - E) сынып сағаты
11. «Талапшыл» оқушылардың ұстаным стратегиялары
- A) талаптарын қанағаттандыру
 - B) кек қайтару
 - C) билікті жүзеге асыру
 - D) күйзеліске түсу
 - E) өзгенің ойымен санасу

12. Тәрбиелеу саласына, тәрбиеленуші еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне әсер етуші шаралар
- A) тәрбие тәсілдері
 - B) тәрбие әдістері
 - C) тәрбие принциптері
 - D) тәрбие заңдылықтары
 - E) тәрбие технологиясы
13. Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы
- A) жаттығулар
 - B) пікірталас
 - C) үй тапсырмасы
 - D) конференциялар
 - E) ата-аналар жиналысы
14. Бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы
- A) балабақша
 - B) мектепке дейінгі ұйым
 - C) сыныптастар
 - D) отбасы
 - E) мектеп
15. Күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері
- A) үй тапсырмасы, бақылау, серуен, ұйқы
 - B) өлең, әңгіме, ән, би
 - C) еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы
 - D) мақсат, міндет, құрал, принцип
 - E) білім, іскерлік, дағды
16. Өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың үйлесімділікпен, кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдептерді қалыптастыру
- A) бақылау
 - B) сабақ
 - C) серуен
 - D) жаттығу
 - E) күн тәртібі
17. Педагогикалық құбылыс пен үрдіс арасындағы байланыс
- A) міндеттер
 - B) әдістер
 - C) тәсілдер
 - D) құбылыстар
 - E) заңдылықтар

18. Латын тілінде «бастапқы», «негізгі» деген түсінікті білдіріп, белгілі бір әрекет барысында басшылық ету идеясын көздейді
- A) міндет
 - B) тәсіл
 - C) әдіс
 - D) принцип
 - E) мақсат
19. Тәрбиенің заңдылығы
- A) әлеуметтік кеңістік динамикасы
 - B) баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы
 - C) әсер ету каналдары
 - D) әлеуметтік кеңістікте тәрбиелеу
 - E) топтың мүшесі болу
20. Адамның жалпы денсаулығын дамытатын сауықтыру шарасы
- A) демалу сағаты
 - B) сынып сағаты
 - C) тәрбие сағаты
 - D) денсаулық сағаты
 - E) оқулық сағаты

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Социометрия әдісі:
- A) өзара қарым-қатынасты зерттеу
 - B) оқушының темпераментін анықтау
 - C) ұжымішілік қатынастарды талдау
 - D) үлгерім деңгейін анықтау
 - E) сыныптағы шағын топтардың барын анықтау
 - F) дайын жауаптардан біреуін таңдап алу
 - G) оқытылу деңгейін анықтау
 - H) оқушылардың танымал не танымал еместігін анықтау
22. Оқушылардың жеке басын және сынып ұжымын зерттеуге қойылатын педагогикалық талаптар:
- A) тәрбие үрдісінде мектептің, отбасы мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету
 - B) оқушылардың өміріне, түрлі әрекетіне табиғи жағдайда зерттеу жүргізу
 - C) тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету
 - D) педагогикалық оқу, насихат жүргізу
 - E) сыныптан тыс және мектептен тыс түрлі бағытта тәрбие жұмысын ұйымдастыру
 - F) оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату
 - G) зерттеу басында жоспар құрылып, жүйелілігін қамтамасыз ету
23. Оқушылар ұжымын қалыптастырудың ең дұрысы:
- A) сыныптың белсенді тобының қалыптасуын, ортақ істің маңызы мен мәнін, мағынасын оқушылардың ұғынуы
 - B) ұжымның мақсатты ықпалы үшін жағдай жасау
 - C) сыныптың белсенді тобын қалыптастыру
 - D) іс-әрекет түрлеріне еркін қатысу, барлығының ұжымшылдығы
 - E) жалпы талаптарды қою, жалпы істі оның мақсатының маңызы мен мәнін оқушылардың ұғынуы
 - F) ұжым тұлғаның жан-жақты дамуының объективті шарты болады
24. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:
- A) ата-ананы мектепке шақырту
 - B) мектепке материалдық жағынан көмек көрсету
 - C) ата-аналарға педагогикалық білім беру
 - D) отбасымен еңбек тәрбиесін ұйымдастыру
 - E) баланың отбасына бару
 - F) отбасындағы балалардың қарым-қатынасын зерттеу
 - G) оқушылардың қызығушылығын қолдау
 - H) педагогикалық жаппай оқуды ұйымдастыру

25. Әдіснамалық ұстанымдар жүйесі:
- A) мәдениеттілік
 - B) ұйымдастырушылық
 - C) оқыту, дамыту, тәрбиелеу
 - D) дамытушылық, бағыттаушылық
 - E) білім беру, тәрбиелеу
 - F) негізгі талап
 - G) тұлғалық–бағдарлық көзқарас
 - H) іс – әрекеттік
26. Сынып жетекшісінің қызметі:
- A) әрбір тұлғаның дамуына қамқорлық жасайды
 - B) оқушылардың жалпы әрекетін ұйымдастырады
 - C) қосымша сабақтар ұйымдастырады
 - D) мектепте клуб ашуға басшылық жасайды
 - E) сыныпта туындаған мәселелерді шешудегі қамқорлық
 - F) әр бағытта сыныптағы оқушының әрекетін ұйымдастырады
 - G) оқушылардың әрқайсысының дамуына қажетті жағдай жасайды
 - H) оқушылардың дамуын, таным, қабілеттерін зерттейді
27. Саяси үйірмелер мен бірлестіктер:
- A) көркемөнерпаздар ұйымы мен кештер
 - B) шығармашылық одақтар мен ұйымдар
 - C) кітапханалар мен балалар ұйымы
 - D) балалар ұйымы мен клубтар
 - E) жастар ұйымы мен сыныптық сағаттар
 - F) тақырыптық конференция, кездесулер
 - G) оқырмандар конференциясы, байқаулар
 - H) баспасөз конференциясы
28. Тәрбиенің заңдылықтары:
- A) отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін анықтайды
 - B) ұжымның қалыптасу жолдарын анықтайды
 - C) баланың жеке тұлғасының даму процесін басқару міндеттерін анықтайды
 - D) баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы
 - E) пән мұғалімдері мен оқушылардың қарым-қатынасын анықтайды
 - F) оқушылардың қоғамдық жұмыстарды атқарудағы міндеттерін анықтайды
 - G) тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы
 - H) тәрбие мен өзін – өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланыстылығы

29. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) жан-жақты дамыған, саналы азамат тәрбиелеу
- B) қоғамның пайда болуына тән қасиет
- C) халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктерді дамыту
- D) жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқына әсер ететін құрал
- E) біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- F) рухани жағынан үнемі жетілу және баюда көпсалалы процесс
- G) бір жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- H) жас ұрпақтың бойында азаматтық белсенділігін арттыру

30. Сынып жетекшісінің диагностикалық қызметі:

- A) оқушылардың тұлғалық және жеке – дара ерекшеліктерін зерттеу және талдау
- B) сыныптағы келеңсіз жағдайдың себебін іздестіріп, анықтау
- C) өз сынып оқушыларының денсаулығын зерттеу
- D) балалардың сабақ үлгерімі мен тәртібі жайлы ата-аналардан мағлұмат жинау
- E) сыныптың білім көрсеткіштерін жоғары дәрежеге жеткізу
- F) мектеп әкімшілігі тарапынан берілетін жұмыстарға талдау жасау
- G) келеңсіздіктерді болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздеу

Жаздаяттық тапсырмалар
1-жаздыт
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қанат даярлық тобында, тәрбиешісі баланы мақтап тұрады, бірақ анасы үнемі баласына көңілі толмайды. Бала берілген тапсырмаларды баяу орындайды. Анасы оны жалқау деп санайды. Орындаған жұмыстарын үнемі қайта жасатып, түзетіп отырады. Қанат анасына "Жасай алмаймын, қолымнан келмейді, одан да ойнайын"- деп жауап береді. Анасы алаңдап: "Қанша ойын ойнауға болады? Мүмкін оны мақтау керек шығар? Бірақ не үшін?"деп ойлайды

31. Педагог анасынан баланың мінез-құлқын ескеруін талап етеді
- A) қарым-қатынасын түзетуге
 - B) тәртіпке шақыруға
 - C) тұлғалық қасиетін бағалауға
 - D) мінезінің ерекшелігін еске алу
 - E) бақылауға
32. Педагогтың бұл жерде _____ принципінің сақталуы қажеттігін түсіндіруі
- A) ғылымилық
 - B) жүйелілік
 - C) бірізділік
 - D) көрнекілік
 - E) жас ерекшелігін ескеру
33. Педагогтың анасының алаңдауына байланысты жүргізетін жұмысы
- A) шағымдану
 - B) қорытындылау
 - C) әңгімелесу
 - D) мадақтау
 - E) жазалау
34. Қанаттың анасына "Жасай алмаймын, қолымнан келмейді, одан да ойнайын"- деп жауап беру себебі
- A) анасы оны жазалайды
 - B) анасы оны үлгі етеді
 - C) анасы оны қорқытады
 - D) анасы оны мадақтайды
 - E) анасы оны жалқау деп санайды

35. Мұндай жағдайда педагогтың әсер ету әдісі
- A) сөгу
 - B) көну
 - C) мадақтау
 - D) қорқыту
 - E) жазалау

2-жағдаят**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Серуен кезінде құмда ойнап отырған балалар байқамай Азаматтың күртешесін бүлдіріп алды. Азаматтың көңілі қатты түсіп кетті. Ол балалар әдейі істеді деп ойлады. Ол ыңғайлы сәтін күтіп отырып, балаларға ылғал құмды лақтырып жіберді. Нәтижесінде балалардың барлық киімдері лас болып қалды. Балалардың ызасында шек жоқ еді. Ал Азамат олардың кешірім сұрамағандығын алға тартты.

36. Ойын жағдайында мінез-құлықтың ережелерін үйрету себебі
- A) әр түрлі жағдайда ақкөңіл болуға үйрету
 - B) әр түрлі жағдайда ілтипатты болуға үйрету
 - C) әр түрлі жағдайда бір-біріне кешірімді болуға үйрету
 - D) әр түрлі жағдайда сенімді болуға үйрету
 - E) әр түрлі жағдайда ізгілікті болуға үйрету
37. Нәтижесінде балалардың барлық киімдері лас болып қалды. Балалардың көрсеткен мінез-құлқы
- A) мазақтады
 - B) қорқытты
 - C) шағымданды
 - D) мақтады
 - E) ызаланды
38. Азаматтың балаларға ылғал құмды лақтырып жіберу себебі
- A) педагогтың мәселені байқамауында
 - B) балалардың оған шағымдануында
 - C) балалардың оған мән бермегенінде
 - D) балалардан кек қайтаруында
 - E) балалардың кешірім сұрамағандығында
39. Осындай мәселе балаларды _____ болуға тәрбиелейді
- A) еңбекқор
 - B) дөрекі
 - C) әдемілікті көруге
 - D) ұжымшыл
 - E) шығармашыл

40. Педагогтың мұндай жағдайда қолданатын әдісі
- A) мадақтау
 - B) жазалау
 - C) әңгімелесу
 - D) түсіндіру
 - E) сөгу

Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы

ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ